

"Шымбұлақ" биік тау шатқалы спорт кешенінің базасында бірлескен кәсіпорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қазан N 1202

"Шымбұлақ" биік тау шатқалы спорт кешенін дамыту және оны жаңғырту үшін, қыс маусымының жақындауына байланысты шұғыл шаралардың қажеттігін ескере отырып инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы

Е т е д і :

1. "Тянь-Шань Ски ресортс" компаниясының Шымбұлақ мүліктік кешені базасында "Шымбұлақ" тау шаңғысы курорты" бірлескен кәсіпорнын құру туралы ұсынысына к е л і с і м б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті үстіміздегі жылдың 15 қазанына дейін "Тянь-Шань Ски ресортс" компаниясымен "Шымбұлақ" тау шаңғысы курорты" бірлескен кәсіпорнын құру туралы құрылтай шартын әзірлеп, қол қойсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы С.С.Қалмырзаевқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі